Медициналық ұйымдардың QR кодтары, пациенттің жеке профилі, сапаны бағалау: денсаулық сақтаудағы «халықтық бақылау» қалай күшейтілуде?

ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЦИФРЛЫҚ СЕРВИСТЕРІН ОДАН ӘРІ ДАМЫТУДЫ ЖАЛҒАСТЫРУДА. БҰЛ АЗАМАТТАРДЫҢ МӘМС ЖҮЙЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТТЕРІНЕ ҚОЛЖЕТІМДІГІН АРТТЫРУҒА ЖӘНЕ ОЛАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛДЫ БАРЫНША ЫҢҒАЙЛЫ ӘРІ АШЫҚ ЕТУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН.

2026 жылы МӘМС 2.0 трансформациясы шеңберінде негізгі бағыттардың бірі – eGov Mobile мобильді қосымшасында жаңа цифрлық сервистерді іске қосу арқылы «халықтық бақылау» тетіктерін кеңейту.

Бүгінде eGov Mobile пайдаланушылары МӘМС жүйесіне қатысу туралы мәліметтерді алып, өздерінің сақтандырылу мәртебесін тексере алады, сондай-ақ МӘМС жүйесіне аударылған аудырымдар мен жарналар туралы ақпаратқа қол жеткізе алады.

Жақында денсаулық сақтауды қаржыландыруға арналған «Qalqan» цифрлық сервисінде медициналық ұйымдарға берілетін арнайы QR кодты сканерлеу арқылы пациенттің медициналық ұйымға жүгінгенін растау мүмкіндігі іске қосылды.

Бұл тетік медициналық көмектің көрсетілу ашықтығын арттыруға бағытталған және көрсетілген медициналық қызметтердің нақты алынғанын растауға мүмкіндік беретін қоғамдық бақылаудың алғашқы цифрлық құралдарының бірі болып табылады.

Цифрлық сервистерді дамытудың келесі кезеңінде пациенттер үшін жаңа мүмкіндіктер қолжетімді болады. Атап айтқанда, eGov Mobile қосымшасындағы пациенттің жеке профилінде өзі тіркелген медициналық ұйым туралы өзекті ақпарат, сақтандыру мәртебесі, МӘМС жүйесіндегі төлемдер тарихы, жарналар күнтізбесі және жеңілдік санатына қатысты мәліметтер көрсетіледі.

Сонымен қатар МӘМС бойынша қате немесе артық төленген аудырымдар мен жарналарды қайтару жөніндегі мемлекеттік қызметті толық цифрландыру жоспарланып отыр.

«Халықтық бақылау» тетігі азаматтарға eGov Mobile мобильді қосымшасы арқылы өздеріне көрсетілген медициналық қызметтердің тарихын қарап қана қоймай, олардың нақты көрсетілгенін ыңғайлы форматта растауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ қосымшада медициналық көмектің сапасын бағалау және қорға тікелей өтініш жолдау мүмкіндігін енгізу жоспарланып отыр.

Бұл құралдар медициналық көмектің ашықтығын арттыруға, қоғамдық бақылауды күшейтуге және медициналық қызметтердің негізсіз көрсетілу тәуекелдерін азайтуға ықпал етеді», – деп атап өтті ӘМСҚ басқарма төрағасының орынбасары Индира Ерденова.

Мүдделі мемлекеттік органдармен бірлескен жұмыс шеңберінде халыққа ұсынылатын цифрлық мүмкіндіктердің ауқымын кеңейту жалғасады. Пайдаланушыларға көрсетілген медициналық көмек пен оның нәтижелері, көрсетілген қызметтердің құны, ТМККК және МӘМС шеңберіндегі қаржыландыру көздері туралы мәліметтер, сондай-ақ басқа да цифрлық сервистер кезең-кезеңімен қолжетімді болады.

eGov Mobile қосымшасындағы цифрлық сервистерді дамыту азаматтардың МӘМС жүйесімен өзара іс-қимылын барынша ыңғайлы, ашық әрі пациенттердің қажеттіліктеріне бейімделген деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Бұл бағыттағы жұмыстар Қазақстандағы цифрлық денсаулық сақтауды дамыту жолындағы маңызды қадамдардың бірі болады.

ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫНЫҢ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ

«DUNGA OPERATING GMBH» ФИЛИАЛЫ ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР ӨТЕТІНІ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАЙДЫ

Жобалардың атауы: 1. 2026 жылға арналған атмосфералық ауаға ластаушы заттардың жол берілетін шығарындыларының нормативтері (ЖШН) жобасы. Түзету., 2. 2026 жылға арналған Қалдықтарды басқару бағдарламасы (ҚББ). Түзету., 3. 2026 жылға арналған Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы (ӨЭБ). Түзету., 4. 2026 жылға арналған Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары, 5. «Дунга кен орнындағы көлемі 5000 м³ РВС-ті жаңғырту» ЖЖ арналған ҚОҚБ.

Қоғамдық тыңдаулардың өтетін күні, уақыты және орны: 2026 жылғы 31 тамыз, сағат 15:00-де, Маңғыстау облысы, Сайын Шапағатов ауылы, мәдениет үйі ғимаратында өтеді.

Жобаны іске асыру учаскесінің және ықпал ету аумағының географиялық координаттары: 44°06′00″ с.е., 50°52′00″ ш.б.

Тапсырыс берушінің атауы және байланыс деректері: «Dunga Operating GmbH» филиалы, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 12-шағынаудан, 79/1-ғимарат, индексі 130000, БСН:000941000344, эколог: Нұрбол Кәленов, тел.: 8 (702) 996 9280.

Жобаны әзірлеушілердің атауы және байланыс деректері: «TIM EcoProject» ЖШС, БСН: 130440003976, Ақтау қаласы, 11-шағынаудан, 22-ғимарат, Айгүл Сатыбалдиева, тел.: +7 (701) 999 6764, e-mail: timecoproject@gmail.com.; «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС «ҚазНИПИмұнайгаз» институты, БСН: 180541009170, Ақтау қаласы, 35-шағынаудан, 6/1 ғимараты, Элеонора Хаманова, тел.: +7 (7292) 701344, e-mail: E.Khamanova@kmge.kz.

Онлайн қосылу сілтемелері: https://us04web.zoom.us/j/75499050090?pwd=tD5DDmwD7o3cPo28bZeaFE0fIHeOgC.1

Конференция идентификаторы: 754 9905 0090

Кіру коды: 2TFAiq

Қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыруға жауапты жергілікті атқарушы органның атауы және байланыс деректері: «Маңғыстау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, жобалардың экологиялық сараптамасы бөлімі – бас маман Базарбай С.С., e-mail: s.bazarbay@mangystau.gov.kz., тел.: 8 (7292) 43-10-88, 8 (778) 113-98-97.

Жоба құжаттамасы https://ndbecology.gov.kz порталында орналастырылған.

ЕСКЕРТУЛЕР МЕН ҰСЫНЫСТАР S.BAZARBAY@MANGYSTAU.GOV.KZ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ПОШТАСЫНА ЖӘНЕ HTTPS://NDBECOLOGY.GOV.KZ ПОРТАЛЫНДА ҚАБЫЛДАНАДЫ.

№363

LADA GRANTA автокөлігі сатылады.

* Жылы: 2016
* Қозғалтқыш көлемі: 1.6 л
* Жанармай: Газ / Бензин
* Беріліс қорабы: Механика (МКПП)
* Түсі: ақ

Байланыс нөмірі:

8 778 915 15 88



МЕРИТОКРАТИЯ – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ САПАЛЫ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ САПАСЫ, ЕҢ АЛДЫМЕН, ОНДА ЕҢБЕК ЕТЕТІН МАМАНДАРДЫҢ БІЛІМІНЕ, ТӘЖІРИБЕСІНЕ ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІГІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ. СОНДЫҚТАН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕ МЕРИТОКРАТИЯ ҚАҒИДАТЫН ДАМЫТУҒА ЕРЕКШЕ КӨҢІЛ БӨЛІНУДЕ. БҰЛ ҚАҒИДАТҚА СӘЙКЕС МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТЕ ЖОҒАРЫЛАУ КЕЗІНДЕ ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ БІЛІМІ, КӘСІБИ ҚАБІЛЕТІ, ЖҰМЫС НӘТИЖЕСІ МЕН ЕҢБЕГІ БАСТЫ НАЗАРҒА АЛЫНАДЫ.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметін дамытудың 2024–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында да меритократия қағидатын одан әрі дамыту көзделген. Оның басты мақсаты – кадрлық шешімдердің ашықтығы мен әділдігін қамтамасыз етіп, мемлекеттік қызметке білікті әрі еңбекқор азаматтардың келуіне жағдай жасау.

Бұл бағыттағы жұмыстардың нәтижесі нақты көрсеткіштерден көрінеді. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті кадрлық ілгерілеу мәселесіне тұрақты түрде мониторинг жүргізіп келеді.

2026 жылдың бірінші жартыжылдығында Маңғыстау облысында жарияланған ішкі конкурстардың нәтижесінде бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға 42 мемлекеттік қызметші тағайындалды. Оның ішінде 35 қызметші төменгі лауазымдардан жоғары қызметтерге көтерілді. Бұл жалпы тағайындаулардың 83 пайызын құрады. Аталған көрсеткіш өңірде меритократия қағидатының іс жүзінде тиімді жүзеге асырылып жатқанын көрсетеді.

Соңғы жылдары мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамаға енгізілген өзгерістер де меритократия қағидатын одан әрі нығайтуға бағытталған. Бүгінде қызмет нәтижелерін бағалау қорытындысы мемлекеттік қызметшілердің мансаптық өсуіне ықпал ететін маңызды факторлардың біріне айналып отыр. Бұл әрбір қызметкердің өз міндетіне жауапкершілікпен қарап, жоғары нәтижеге ұмтылуына мүмкіндік береді.

Меритократия – мемлекеттік қызметтің сапасын арттырудың маңызды негіздерінің бірі. Еңбегі мен біліктілігіне қарай бағаланған қызметкер кәсіби тұрғыдан өсіп, мемлекеттік аппараттың тиімді жұмыс істеуіне өз үлесін қосады. Ал бұл халыққа көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын жақсартуға және азаматтардың мемлекеттік органдарға деген сенімін арттыруға ықпал етеді.

Ж.МАРШАКҰЛЫ,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті басшысының міндетін атқарушы.



АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚТЫҢ СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМЫТУДАҒЫ РӨЛІ

ҚАЗІРГІ ЖАҺАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР ЖЫЛ САЙЫН АРТЫП КЕЛЕДІ. ЕҢБЕК НАРЫҒЫНДА БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ, КӘСІБИ БІЛІМІ ЖОҒАРЫ, БІРНЕШЕ ТІЛДІ МЕҢГЕРГЕН ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ БАР МАМАНДАРҒА СҰРАНЫС ӨСУДЕ. ОСЫҒАН БАЙЛАНЫСТЫ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ДАМЫТУ МАҢЫЗДЫ БАҒЫТТАРДЫҢ БІРІНЕ АЙНАЛДЫ.

Академиялық ұтқырлық – студенттердің немесе оқытушылардың белгілі бір уақыт аралығында басқа жоғары оқу орнында немесе шетелдік университетте білім алып, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуына мүмкіндік беретін білім беру жүйесінің маңызды бөлігі. Бағдарламаның негізгі мақсаты – білім сапасын арттыру, кәсіби және мәдениетаралық құзыреттерді дамыту, халықаралық тәжірибе алмасуды қамтамасыз ету және жоғары білімнің бәсекеге қабілеттілігін күшейту.

Академиялық ұтқырлық – студенттің белгілі бір семестр немесе оқу жылы ішінде серіктес жоғары оқу орнында білім алып, кейін өз университетінде оқуын жалғастыруына мүмкіндік беретін бағдарлама. Бұл ішкі (Қазақстанның жоғары оқу орындары арасында) және сыртқы (шетелдік университеттерде) академиялық ұтқырлық болып бөлінеді.

Кәсіби құзыреттілік – маманның өз кәсібі бойынша білімін тәжірибеде тиімді қолдана алу қабілеті. Академиялық ұтқырлық студенттердің кәсіби құзыреттілігін бірнеше бағытта дамытады.

Біріншіден, студенттер шетелдік немесе отандық жетекші университеттердің жаңа білім беру бағдарламаларымен танысады. Олар заманауи пәндерді оқып, жаңа технологиялар мен инновациялық оқыту әдістерін меңгереді.

Екіншіден, академиялық ұтқырлық теориялық білімді тәжірибемен ұштастыруға мүмкіндік береді. Көптеген университеттер зертханалық жұмыстарды, өндірістік тәжірибелерді және ғылыми жобаларды кеңінен ұйымдастырады. Бұл студенттердің кәсіби дағдыларын жетілдіреді.

Үшіншіден, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына қызығушылығы артады. Олар халықаралық конференцияларға қатысып, ғылыми мақалалар жариялауға және шетелдік ғалымдармен тәжірибе алмасуға мүмкіндік алады.

Академиялық ұтқырлық тек кәсіби білімді ғана емес, студенттің жеке тұлғалық қасиеттерін де дамытады. Шетелде немесе басқа жоғары оқу орнында білім алу барысында студент жаңа ортаға бейімделеді, әртүрлі мәдениеттермен танысады және халықаралық достық қарым-қатынастар орнатады. Бұл оның мәдениетаралық коммуникация дағдыларын қалыптастырады.

Сонымен қатар студенттердің шетел тілін меңгеру деңгейі артады. Ағылшын немесе басқа шетел тілінде білім алу олардың кәсіби ақпаратпен жұмыс істеуіне және халықаралық еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуына ықпал етеді.

Академиялық ұтқырлық студенттердің көшбастшылық қабілетін, өзіне деген сенімділігін, жауапкершілігін және шығармашылық ойлауын дамытуға да оң әсер етеді.

Қазақстан Республикасында академиялық ұтқырлықты дамыту – мемлекеттік білім беру саясатының маңызды бағыттарының бірі. Жоғары оқу орындары Erasmus+, Mevlana, DAAD, Fulbright және басқа да халықаралық бағдарламалар арқылы студенттерге шетелдік университеттерде білім алуға мүмкіндік береді.

Соңғы жылдары Қазақстан университеттері Еуропа, Азия және АҚШ-тың көптеген жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық орнатып, академиялық алмасу бағдарламаларын кеңейтіп келеді. Бұл өз кезегінде қазақстандық студенттердің халықаралық тәжірибе жинақтауына және кәсіби деңгейін арттыруына мүмкіндік береді.

Академиялық ұтқырлық – студенттердің кәсіби құзыреттілігін дамытудағы маңызды құралдардың бірі. Ол білім сапасын арттыруға, халықаралық тәжірибе жинақтауға, шетел тілдерін меңгеруге, ғылыми-зерттеу қызметіне қатысуға және заманауи кәсіби дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар академиялық ұтқырлық студенттердің жеке тұлғалық дамуына, мәдениетаралық қарым-қатынас жасау қабілетінің артуына және еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігінің жоғарылауына ықпал етеді. Сондықтан жоғары оқу орындарында академиялық ұтқырлық бағдарламаларын одан әрі дамыту – сапалы білім беру мен білікті маман даярлаудың маңызды шарты.

Маржан СУЙМЕНОВА,
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің құрылыс инжиниринг кафедрасының аға оқытушысы.

РЕДАКЦИЯ ЖАРНАМА МАТЕРИАЛЫНЫҢ МАЗМҰНЫНА, СТИЛІ МЕН ОРФОГРАФИЯСЫНА ЖАУАП БЕРМЕЙДІ. МАТЕРИАЛ ТҮПНҰСҚА КҮЙІНДЕ ЖАРИЯЛАНАДЫ.